

А И Қ Ы Н

**Кейкі батырдың басы Қазақстанға
қайтарылмақ**



КЕНЕСАРЫ ХАН КАСЫМОВ

қазақстан тарихының ерліктерінің бірі 1822-1847 жж.

Үкіметбасы Кәрім Мәсімов Ресей премьері Дмитрий Медведевпен кездесуінде Санкт-Петербургтағы Кунсткамерада сақтаулы атақты мерген Кейкі батырдың бас сүйегі мен әзірге қай жақта екені белгісіз Кенесары ханның басын сұратқаны белгілі.

Медведев бұл мәселеде тиісті орындарға жазбаша да, ауызша да тапсырма беруге уәде еткен.

Жақында Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі директорының орынбасары Ефим Резван Кунсткамерадағы Кейкінің басын Қазақстанға беруге дайын екенін жеткізді. Оның айтуынша, бұл мәселе Ресей президентінің жарлығымен немесе музейдің федералдық заңына сәйкес шешімін табуы мүмкін.

«Кейкі батырдың басының бары рас. Біз мұны жасырған емеспіз, оны бәрі жақсы біледі. Жарлық шықса, біз беруге дайынбыз» деді Резван. Сондай-ақ ол Кунсткамерада қазақтың ұлттық батыры әрі соңғы ханы Кенесары ханның басы сақталмағанын әрі оның қайда екені әлі күнге белгісіз екенін айтқан.

«Бұдан бұрын Қазақстанның мәдениет министрінің орынбасарына барлық қорды көрсеткенбіз. Қазақстаннан басқа да әріптестеріміз келіп, барлық құжаттарды тексере келе, бізде Кенесары ханның бас сүйегі ешқашан тіркелмегеніне көздерін жеткізген» дейді Резван.

Кейкі батырды 1923 жылы қызыл әскер айуандықпен өлтіріп, екі қолы мен басын кесіп алған. Басының Кунсткамерада сақтаулы екенін ҚР Сыртқы істер министрлігінің сұрауына орай 1995 жылы Ресей Сыртқы істер министрлігі де жауап хатында растаған. Сондықтан Кейкі батырдың басын қайтару мәселесі өз шешімін табатын секілді. Ал қазақтың ұлттық батыры әрі соңғы ханы Кененің басы ше?!

Ел тәуелсіздігін алған соң, хан Кененің Эрмитажда делінген бас сүйегі мен қырғыз даласында қалған сүйегін іздестіру жанданғаны белгілі. Алдымен 1994 жылы сол кездегі «Атамұра» корпорациясының президенті Мұхтар Құл-Мұхаммедтің мұрындық болуымен марқұм тарихшы, академик Манаш Қозыбаев бастаған ғылыми экспедиция қырғыз жеріне аттанып, хан сүйегін таппай, бос қайтқан. Иманғали Тасмағамбетов премьер-министр болып тұрғанда Ресей өкіметіне бас сүйекті қайтарып алу жөнінде өтініш хат жазды. Қайрат Сатыбалды ғалымдар мен журналистерден экспедиция жасақтап, Санкт-Петербург, Мәскеу қалаларынан бас сүйекті іздестірді. Одан да нәтиже шықпады. Ал сол арада, нақты айтсақ, 2007 жылы мемлекеттік деңгейдегі шенеуніктер мен ғалымдар жер-көктен таппай жүрген Кене ханның бассыз сүйегін Наурызбай батырдың тікелей ұрпағымын деп жүрген Айсара Есенбекқызы деген көріпкел қырғыз жерінен тауып алды. Алланың аян беруімен таптым деген ол хан сүйегін Алматы об-лысындағы Бесқайнар деген жерге әкеп арулап жерлеп, басына ескерткіш орнатты.

Кене ханның бас сүйегі мен дене сүйегі Мемлекеттік деңгейде, Ұлттық гвардияның қатысуымен салтанатты түрде жерленуі тиіс еді. Бірақ олай болмады. Көріпкелдер тапқан дене сүйегі аздаған адамның қатысуымен асығыс-үсігіс жер қойнына тапсырылған. Былайғы жұрт тұрмақ, көзіқарақты жандар да оның дәл қай жерде екенін білмейді. Білген күнде де дүдәмал көп. Алдымен жан-жақты тексеріліп, ДНК сараптамасы жүргізілуі керек еді. Өкінішке қарай, олай болмады. Орыстар соңғы билеуші Николай патшаның сүйегін алдымен өздерінде, сосын Швецияда, одан кейін Лондонда тиянақты сараптамадан өткізді. Үшеуі толық деңгейде сәйкескен соң ғана патшаның мүрдесі деп ресми түрде танылды. Осы Ресейден неге үлгі алмаймыз? Құдайға шүкір, Кене ханның ұрпақтарының көзі тірі, солардан химиялық жолмен ДНК алып салыстыруға болады ғой... 1847 жылы жер құшқан Кене ханның сүйегін елге әкеліп жерлеуге Тәуелсіздікке дейін де талай рет талпыныс болыпты. Мәселен, Кенесары хан өлген соң, орта жүз Ағыбай батыр, Ұлы жүзден шыққан құдасы Тойшыбек батыр мен жан жолдасы – Ыстының Тілігінен шыққан Шоқай датқа, қоңырат Апақ батыр қырғыз жеріне Кенесарының сүйегін іздеп барады. Қырғыз манаптары Кене ханды елге білдірмей құпиялап көмгенін, оны көмдірген Орман, Жантай манаптардың өлгенін айтып, сүйретпе сөзбен шығарып салады. Бұл бір жағынан түсінікті де. Патша заманында Кенесары ханның сүйегін елге әкеліп жерлеу оңай

емес еді. Кейін хан Кененің баласы қыран Сыздыққа да қырғыздар әкесінің сүйегін тауып бере алмайды.

Соңғы ханның бас сүйегін саудаға салғанымызға жиырма жылдың жүзі болды. 2006 жылдың аяғында Астанаға қыдырып келген Александр Невскийдің ұрпағы, граф Петр Шереметьев қазақтың соңғы ханының басын туған еліне қайтаруға көмектесетінін айтып, бұл іске білек сыбана кіріспек болған. Одан бері неше жыл өтті, тектінің ұрпағынан тілдей хабар жоқ.

О баста солтүстік көршіміз «Ресей Федерациясының заңдылығына сәйкес музейлік құнды жәдігерлер сыртқа шығарылмайды» деп келді. Біресе ханның басы Ресейдің мемлекеттік тарихи музейінде, біресе Эрмитажда, енді бірде Куйбышев өлкетану музейінде, біресе Ленинград кунсткамерасында, болмаса Ресей Ғылым академиясының музей қорында жатқаны жөнінде еміс-еміс хабарлар қылаң берді. Соңғы деректерге сүйенсек, Ресей жағы ханның бас сүйегін жоғалтып алғанға да ұқсап отыр. Ханның басы – халықтың намысы. Қазақ ата-бабасының сүйегін ешкімге қорлатпаған. Ресейліктер үшін ханның басы нөмірленіп, каталогке тіркелген экспонат қана болуы мүмкін, ал біз үшін ол – қазақтың күрескерлік рухының өшпес символы. Ендеше, соңғы ханның бас сүйегін ардақтап жерлеу – ата-баба алдындағы өтелуге тиіс парызымыз. Ал мұндай маңызды шара үкіметтік деңгейде бірінші рет қолға алынған соң, үміт қалайша оянбасын!

Төреғали ТӘШЕНОВ